

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 қазандағы N 79 Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1 - б а п т а :

1) тармақша 1-1) тармақша болып есептелсін;

мынадай мазмұндағы 1) тармақшамен толықтырылсын:

"1) аффилиирленген тұлғалар - жер қойнауын пайдаланушының еншілес ұйымдары және Қазақстан Республикасында мұнай операцияларын жүргізуге мердігер болып табылатын ұйымның жарғылық капиталында акциялар пакеті немесе қатысу үлесі бар ұйымдар;"

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - геологиялық зерттеу, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

2) 5-бап мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

"12) мердігердің құқықтары мен міндеттерін мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарт бойынша беруге рұқсат беру немесе одан бас тарту тәртібін белгілейді;"

3) 6-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) мұнай-газ саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту енеді;"

4) мынадай мазмұндағы 6-1 және 6-2-баптармен толықтырылсын:

"6-1-бап. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне:

1) геологиялық және тау-кендік бөлуге дайындау және беру;

- 2) барлауды немесе өндіруді жүзеге асыру жұмыстарының бағдарламасын келісу;
- 3) жылдық жұмыс бағдарламасына мердігер ұсынған өзгерістерді келісу;
- 4) жылдық жұмыс бағдарламаларын келісу кіреді.

6-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

- 1) жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 2) мұнай операцияларын жүргізу, мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде аварияларды және өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар бағдарламаларын келісу;

3) жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялауды және жоюды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кіреді.";

5) 26-1-баптың 5-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 3 0 - 1 - б а п т а :

4-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 3 0 - 2 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

"бекітуге" деген сөз "келісуге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органда" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 30-3-баптағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 3 0 - 5 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2004 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жер қойнауын пайдалану келісім-шарттары бойынша мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлерге, егер

о л а р :

2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік органда бекітілген (келісілген болса);

2006 жылғы 1 шілдеге дейін әзірленіп, құзыретті органда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда келісілетін болса, ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаларды іске асыру мерзімдері аяқталғанға дейін, осы баптың 1 және 2-тармақтарының күші қолданылмайды.

Бұл ретте, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсаты бойынша және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша не авариялық жағдай орын алған және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайда жол беріледі.";

3-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның", "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органның" деген сөздер тиісінше "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның", "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ілеспе және (немесе) табиғи газ жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімінсіз жағылған жағдайда, осы баптың 3-тармағына сәйкес мердігер жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мұндай жағу туралы он күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлама ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың себептері мен жағылған газдың көлемі туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.";

10) 30-7-баптың 2-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 31-баптың 4-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2) 3 6 - 2 - б а п т а :

3-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның мұндай скважинаны бұрғылаудың жобасы жөнінде тиісті қорытындысы болғанда" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай ұнғыманы бұрғылаудың жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы болғанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның мұндай айдауды сипаттайтын жоба бойынша тиісті қорытындысы болған кезде" деген

сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай айдауды сипаттайтын жоба бойынша берген мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы болған кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 36-3-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 41-баптың 12) тармақшасындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 53-баптың тақырыбы мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді, акциялардың үлестерін (пакеттерін) беру

1. Мердігердің келісім-шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерінің барлығын немесе бір бөлігін басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруі, сондай-ақ мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарт бойынша мердігер болып табылатын заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруы құзыретті органның жазбаша рұқсатымен ғана жүргізілуі мүмкін. Құзыретті орган мердігерге келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге рұқсат беруден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ мердігер болып табылатын тұлғаның жарғылық капиталдағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша р ұ қ с а т б е р м е у г е қ ұ қ ы л ы .

Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерге қатысты да осы шарттың сақталуы міндетті."

2. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 1 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (судың толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі";

мынадай мазмұндағы 12-1), 19-1), 19-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) тарихи шығындар - мемлекет келісім-шарттық аумақты геологиялық зерттеуге, кен орындарын іздестіруге, барлауға жұмсаған бұрынғы жиынтық шығындар ;";

"19-1) келісім-шарттың шеңберінде құқықтарды шоғырландыру - Қазақстан Республикасымен жасалған келісім-шарттағы консорциумға қатысушылардың бірінің

осы қатысушыға келісім-шартқа сәйкес жер қойнауын пайдаланушының қызметі бойынша дербес шешім қабылдауға мүмкіндік беретін үлесінің шамасы;

19-2) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге құқықтарды шоғырландыру - бір елден шыққан бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттарда осындай үлесті иеленуі немесе Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне қауіп төндіруі мүмкін немесе қауіп төндіретін Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын ұйымдардың жарғылық капиталында осындай меншік үлесін иеленуі;"

29), 35), 49) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"29) жер қойнауын қорғау - Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауының ластануын болғызбауға және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүйесі;"

"35) іздестіру-бағалау жұмыстары - табылған объектінің жалпы ресурстарын анықтау, олардың өнеркәсіптік маңызын бағалау және игеруге тартудың орындылығын техникалық-экономикалық негіздеу мақсатындағы геологиялық барлау жұмыстарының сатысы;"

"49) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды және кешенді пайдалану саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

мынадай мазмұндағы 49-1) тармақшамен толықтырылсын:

"49-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы және оның аумақтық органдары;"

2) 7 - б а п т а :

7) тармақша "конкурса шығарылуға тиіс" деген сөздерден кейін ", кең таралған пайдалы қазбалары бар жер қойнауы учаскелерін қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) пайдалы қазбалар жатқан алаңдарда құрылыс салуға рұқсат беру тәртібін а й қ ы н д а й д ы ;

15) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көму және қалдық суларды ағызу тәртібін айқындайды.";

3) 8 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

3) тармақшадағы "контрактілік" деген сөз "жер қойнауын мемлекеттік зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, келісім-шарттық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақшадағы "келісім-шарттардың орындалу талаптарын сақтаудың" деген сөздер "жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттардың талаптарын орындауының" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жер қойнауын пайдалану құқығын алу конкурсының талаптарына енгізу үшін жер қойнауын пайдалану және ілеспе қызметте жоғары технологиялар, жаңа және өндеу өндірістері, магистральдық және өзге де құбырлар, инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді тұрғызу мен бірлесіп пайдалану операцияларын жүргізу кезінде қазақстандық мазмұн, дамыту және пайдалану жөнінде конкурс қатысушыларына ұсыныстар әзірлеу.";

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) көмірсутегі шикізатын өндіру жөніндегі кен орындарын игеру жобаларын әзірлеу және бекіту тәртібін айқындау;

11) жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту.";

4) 8-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1-бап. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган:

1) жер қойнауын геологиялық зерттеу және кешенді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) тау-кен жұмыстарын дамытудың жоспарларын (жобаларын) бекітеді;

3) көмірсутегі шикізатын қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі кен орындарын игеру жобаларын бекітеді;

4) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, сондай-ақ барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға жер қойнауын пайдалану құқығын береді;

5) пайдалы қазбалар қорларының, пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелері туралы геологиялық және экономикалық ақпараттың, жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу және мониторинг жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттаманың мемлекеттік сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді, пайдалы қазбалардың қорларын бекітеді;

6) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын, кен орындарының және пайдалы қазбалар көрініс белгілерінің, қауіпті геологиялық процестердің мемлекеттік кадастрларын жасауды ұйымдастырады және жүргізеді;

7) тарихи шығындардың көлемін, жер қойнауы туралы геологиялық ақпарат алудың құны мен шарттарын айқындайды;

8) жер қойнауының геологиялық ақпаратының республикалық және аумақтық қорларын ұйымдастырады және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын және кең таралған пайдалы қазбаларға қатысты бөлігінде жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) жер қойнауын зерттеу және пайдалану мониторингін жүзеге асырады;

11) жер қойнауының ұтымды және кешенді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

12) жылдық жұмыс бағдарламаларын келіседі;

13) жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеуді жүзеге асырады.";

5) мынадай мазмұндағы 8-2 және 8-3-баптармен толықтырылсын:

"8-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган:

1) жер қойнауын қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және қалдық суларды ағызудың Мемлекеттік кадастрын жүргізеді; Р961285

3) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұзудың салдарынан келтірілген зиянның мөлшерін айқындайды;

4) келісім-шарттық аумақтағы немесе оның шегінен тыс жерлердегі барлауға және (немесе) өндіруге байланысты емес және радиоактивті қалдықтарды, зиянды заттар мен қалдық суларды көмуге арналған жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға рұқсат беруді келіседі.

8-3-бап. Жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де уәкілетті органдардың құзыреті

1. Сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган:

1) қазақстандық өндірушілердің және Қазақстанда өндірілген, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және міндетті түрде конкурстық негізде сатып алынатын тауарлардың, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің мемлекеттік тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;

2) облыстық атқарушы органдардың облыста тіркелген, мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарлар өндіретін, жұмыстарды орындайтын және қызметтер көрсететін ұйымдар бойынша деректер тіркелімін қалыптастыру жөніндегі қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қатысты қазақстандық мазмұнды есептеу әдістемесін құзыретті органмен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді;

4) жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысты қазақстандық мазмұн бөлігіндегі келісім-шарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

5) Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық өндірістердің тізбесін құзыретті органмен келісім бойынша бекітеді.

2. Халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын ұйлестіруші уәкілетті орган:

1) қазақстандық кадрларға қатысты қазақстандық мазмұнды есептеу әдістемесін құзыретті органмен келісім бойынша әзірлейді және бекітеді;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық кадрларды тарту бөлігінде қазақстандық мазмұн бойынша келісім-шарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады.";

6) 13 - б а п т а :

1-2-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 13 - 1 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган конкурс жеңімпазының немесе осы Заңда көзделген жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығы конкурс өткізбей ұсынылатын тұлғаның өтініш берген күнінен бастап жиырма күн ішінде оларға геологиялық бөлуді береді.";

4-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 14 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"(еншілес ұйымнан және әмбебап құқықтық мирасқорлық шарттармен беру жағдайларынан басқа)" деген сөздер алып тасталсын;

"он бес" деген сөздер "қырық бес" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілді органмен" деген сөздер "Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9 - 1 - т а р м а қ т а :

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

1) егер жер қойнауын пайдалану құқығын беру көзделген тұлға жер қойнауын пайдаланушыға келісім-шартпен жүктелетін міндеттемелерді немесе міндеттемелердің бір бөлігін (жер қойнауын пайдалану құқығы ішінара берілген жағдайда) орындауға қ а б і л е т с і з б о л ғ а н ;

2) жер қойнауын пайдаланушы құзыретті органға көрінеу жалған ақпарат берген;

3) егер жер қойнауын пайдалану құқығын беру елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына әкеліп соққан жағдайларда, оның ішінде құқықтар келісім-шарт шеңберінде шоғырландырылған және (немесе) құқықтар жер қойнауын пайдалану саласында операциялар жүргізуге шоғырландырылған жағдайларда жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беруден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бас тартуға құқылы.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге рұқсат беруден бас тартуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дау айтылуы мүмкін.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

9) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге
жер қойнауын пайдалану құқықтарын жүзеге асырудың
ерекшеліктері

1. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді осы Заңның 13-бабының 3-тармағына сәйкес жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге жер қойнауын пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар жүргізе алады.

2. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуді жүргізу кезіндегі жұмыстар (операциялар) өңірлік және геологиялық-түсіру жұмыстарын, геологиялық, геофизикалық, геохимиялық, гидрогеологиялық зерттеулер жүргізуді, іздестіру, іздестіру-бағалау, іздестіру-барлау және барлау жұмыстарын, мемлекеттік геологиялық карталар жасауды, жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді, өздігінен ағып шығатын гидрогеологиялық және мұнай ұңғымаларын жоюды және консервациялауды қамтуы мүмкін.

3. Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу бюджет қаражаты есебінен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден қаржыландырылуы мүмкін.";

10) 41-2-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "инвестициялық бағдарламалар конкурсы" деген сөздер "конкурс" деген сөзбен ауыстырылсын;

1 1) 4 1 - 3 - б а п т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған жер қойнауы учаскесінің атауы;"

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) өтінім берушінің конкурсқа қатысу үшін жарна төлегені туралы құжаттың көшірмесі болуға тиіс.";

12) 41-4-баптың 1-тармағының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өтінім беруші осы Заңның 41-3-бабының талаптарын сақтаған жағдайда өтінім карауға қабылданады.";

13) 41-5-баптың 2-тармағында:

1-1) тармақша "қаржылық" деген сөзден кейін ", техникалық, басқарушылық және ұйымдастырушылық" деген сөздермен толықтырылсын;

4-3) тармақшадағы "жұмыс істейтін қызметкерлерді олардың жалпы санының проценті есебімен" деген сөздер "жұмыс істейтін қызметкерлердің жалпы санының проценті есебімен қазақстандық кадрларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 41-6-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) өтінім берушінің конкурстық ұсынысында көрсетілген барлау мен (немесе) өндіру үшін қажетті техникалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және қаржылық мүмкіндіктерге ие екендігінің немесе ие болатындығының құжаттамалық айғақтарының конкурстық ұсыныста болмауы.";

15) 41-7-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "айқындайды." деген сөз "айқындайды, ал кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алуға конкурстар өткізілген кезде комиссия құрамын облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар айқындайды." деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Бір" деген сөз "Бір өтінім немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармақта:

"келісім-шарттың жобасын" деген сөздер "келісім-шартты" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бір жылдан артық мерзімде" деген сөздер "конкурс жеңімпазы деп тану туралы шешім шығарылған күннен бастап он екі ай ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 42-бапта:

2-3-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану мен қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-4-тармақпен толықтырылсын:

"2-4. Тараптар келісім-шартты жасасқан кезде жер қойнауын пайдаланушы келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға тартылатын қазақстандық персоналға төлейтін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыруының ресми ставкасын негізге ала отырып жыл сайын индекстелетін жалақының деңгейін келіседі.";

17) 43-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Егер барлауды және (немесе) өндіруді жүргізген кезде кен орны географиялық шекараларының (құрлықта немесе теңізде орналасқанына қарамастан) көрсетілген геологиялық немесе тау-кендік бөлудегі келісім-шарттық аумақ шегінен шығып кеткені байқалса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган конкурс өткізбестен келісім-шарт талаптарын өзгерту арқылы шешуге тиіс.";

1 8) 4 4 - б а п т а :

2-тармақтың бірінші бөлігінде:

"жер қойнауын қорғау," деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану," деген сөздермен ауыстырылсын;

", сондай-ақ қазақстандық мазмұнның бар екендігі жөніндегі" деген сөздер алып тасталсын;

4 және 6-тармақтар алып тасталсын;

1 9) 4 5 - 1 - б а п т а :

2-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 45-2-баптың 1-тармағы 5) тармақшасындағы "жағдайда біржақты тәртіппен бұзуға құқылы." деген сөздер "жағдайда," деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) осы Заңның 71-бабының мемлекеттің басым құқығына қатысты үшінші бөлігін орындамаған жағдайда біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.";

21) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану";

22) 47-баптың тақырыбы мен бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын зерттеу мен пайдаланудың міндеттері

Жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу және пайдалану:";

2 3) 4 9 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар";

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жер қойнауын пайдалану, қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген зиянның көлемін жер қойнауын пайдаланушылармен бірлесе отырып, жер қойнауын зерттеу және пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар айқындайды. Зиянды есептеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

24) 50-баптың 1-тармағындағы "мәселелерімен шұғылданатын атқарушы органдардың" деген сөздер "саласындағы уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 51-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"51-бап. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылауды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылаудың міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде жер қойнауының ластануын болғызбау және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту бөлігінде сақталуын бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

3. Жер қойнауын қорғауды мемлекеттік бақылау:

1) жер қойнауын қорғаудың мемлекеттік мониторингін;

2) жер қойнауын қорғау саласына жататын лицензиялық-келісім-шарттық талаптардың сақталуын бақылауды;

3) жер қойнауына зиянды заттарды, радиоактивтік қалдықтарды көмуді және қалдық суларды ағызуды бақылауды;

4) жер қойнауының кен орны мен қоршаған ортаның бүлінуіне әкеп соғатын ластанудан, су басудан, өрттен және техногендік процестерден сақталуын бақылауды;

5) жер қойнауын пайдалану объектілерінің консервациялануын және жойылуын бақылауды;

6) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды қамтиды.";

26) мынадай мазмұндағы 51-1-баппен толықтырылсын:

"51-1-бап. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау

1. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылауды жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау міндеті жер қойнауын пайдаланушылардың кен орындарын іздестіру және бағалау, өндіру кезінде минералды шикізатты ұтымды және кешенді пайдалану, өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және пайдалану үшін геологиялық зерттеу және жер қойнауы учаскелерін бағалау кезінде Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасын сақтауын бақылауды қамтамасыз ету б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Жер қойнауын зерттеуді және пайдалануды мемлекеттік бақылау:

1) қорларды ашуды, дайындауды және қазып алуды қамтамасыз ететін, кен орындарының бай учаскелерін таңдап игеруді болғызбайтын жер қойнауын геологиялық зерттеу мен пайдалануды, кен орындарын игерудің техникалық жобалары шешімдерінің сақталуын бақылауды;

2) пайдалы қазбалардың сыртқа шығарылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорлары мен оларды өндіру кезіндегі ысырапты есепке алудың дұрыстығын бақылауды қамтиды.";

27) 52-1-баптың 2-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 8) 5 3 - б а п т а :

1-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органының" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "пайдалану" деген сөз "зерттеу және пайдалану жөніндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 9) 5 8 - б а п т а :

1-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансы жөніндегі ақпаратты табыс етеді.";

3 0) 5 9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

"жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер

"жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"республикалық" деген сөз "салалық (секторлық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

31) 60-баптың 1-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және оны қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 61-баптың 1-тармағындағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 63-баптың 1-тармағында:

12) тармақшадағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы "сақтандыруға міндетті." деген сөздер "сақтандыруға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) келісім-шарттық аумақтағы бұрын бұрғыланған барлық ұңғымаларды балансқа қабылдауға, олар бойынша мониторинг жүргізуге міндетті.";

34) 64-бапта:

2-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Барлау, өндіру не бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізетін жер қойнауын пайдаланушы жылдық жұмыс бағдарламасын жыл сайын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен, егер келісім-шартта мұндай келісу үшін өзгеше мерзім белгіленбесе, бірінші жылы - келісім-шарт жасалған айдан кейінгі айдың 30-нан кешіктірмей, ал одан кейінгі жылдары жоспар жасалып отырған жылдың алдындағы жылдың 30 желтоқсанынан кешіктірмей келісуге міндетті.

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган мердігердің техникалық жобаның шешімдерін және кен орындарын игерудің оң тәжірибесін қолдану жөніндегі міндеттемелерді сақтамауынан басқа ешқандай өзге негіздер бойынша жылдық жұмыс бағдарламасымен келіспеуге құқылы емес. Жылдық жұмыс бағдарламасын қарау және келісу мерзімі жеті күннен аспауға тиіс.";

4-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган жылдық жұмыс бағдарламаларының келісу хаттамаларының көшірмелерін олардың келісілген күнінен бастап бір айдан кешіктірмей құзыретті органға табыс етеді.";

3 5) 6 9 - б а п т а :

1 - 1 - т а р м а қ т а :

"2-тармағына" деген сөздер "3-тармағына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Мемлекеттік меншіктегі геологиялық ақпараттың құны тарихи шығындар сомасының бір бөлігі ретінде айқындалады.

Тарихи шығындарды және геологиялық ақпараттың құнын айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

4-тармақтың бірінші бөлігінде:

"жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі өкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі өкілетті орган" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "жер қойнауын пайдалану және қорғау жөніндегі өкілетті органға" деген сөздер "жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

36) 70-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-1-бап. Жер қойнауын пайдаланушының қызметін мемлекеттік органдар тарапынан бақылау

Жер қойнауын пайдаланушының қызметін бақылауды, қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы құзыретті орган мен уәкілетті органдардан басқа, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.";

37) 71-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негіздерін сақтау және нығайту үшін жер қойнауын пайдалануға жаңадан жасалатын, сондай-ақ бұрын жасалған келісім-шарттарда, жерасты сулары мен кең таралған пайдалы қазбалар жөніндегі келісім-шарттарды қоспағанда, мемлекеттің келісім-шарттың басқа тарабының немесе жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлға қатысушыларының және басқа тұлғалардың алдында жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы, сондай-ақ, егер осы заңды тұлғаның негізгі қызметі Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдаланумен байланысты болса, жер қойнауын пайдаланушы қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) оларға әсер етуге мүмкіндігі бар заңды тұлғадағы жер қойнауын пайдаланудың иеліктен айырылған құқығын (оның бір бөлігін) және (немесе) қатысу үлесін (акциялар пакетін) басқа сатып алушылар ұсынғаннан төмен емес шарттармен сатып алуға басым құқығы бар."

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" 1998 жылғы 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 173-құжат; 2000 ж., N 5, 115-құжат; 2004 ж., N 14, 82-құжат; N 23, 142-құжат):

1 8 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісім-шарттар жасалған (өзгертілген) кезде, осы келісім-шарттардың орындалуы мен олардың орындалуын бақылау, сондай-ақ мемлекеттік органның жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғаға ішінара немесе толық беруіне рұқсат беруі немесе рұқсат беруден бас тартуы туралы шешім қабылдауы кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруға рұқсат беруі немесе рұқсат беруден бас тартуы кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Бұл ретте мемлекеттік орган, өтінім берушіге осы тармақта көзделген мәмілелерді жасауға рұқсат беруден, егер бұл бір елден шыққан бір тұлғада немесе тұлғалар тобында мұнай операцияларын жүргізу құқықтарының шоғырлануына әкеп соғатын болса, бас тартуға құқылы.

Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерге қатысты да осы шарттың сақталуы міндетті.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының ауысуына және туындауына шектеу қояды."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК